

10 қыркүйек
Бейсенбі,
2026 жыл

uil-gazet@mail.ru
Kokjar_tynysy

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

Ойыл

БАЛА КҮНГІ ҚЫМЫЗДЫҢ ДӘМІ КӘСІПКЕ АЙНАЛДЫ

АУЫЛДЫҢ ТЫНЫС-ТІРШІЛІГІМЕН БІТЕ ҚАЙНАСҚАН АДАМ ҮШІН ТУҒАН ЖЕРДІҢ ӨРБІР ИІСІ МЕН ДӘМІНІҢ ОРНЫ БӨЛЕК. ӨСІРЕСЕ, БАЛА КҮННЕН ТАНЫС ҚЫМЫЗДЫҢ ДӘМІ КӨҢІЛ ТӨРІНДЕ ҰЗАҚ САҚТАЛАТЫНЫ АНЫҚ. ОЙЫЛДЫҚ ЕРКЕБҰЛАН СИРАЖОВ ТА ЖЫЛҚЫНЫҢ ДҮБІРІН, ДАЛАНЫҢ ТІРШІЛІГІН БАЛА КЕЗІНЕН КӨРІП ӨСКЕН. БҮГІНДЕ ОЛ АТА КӘСІПТІ ЖАЛҒАСТЫРЫП, БИЕ БАЙЛАП, САУМАЛ МЕН ҚЫМЫЗ ӨНДІРІП, АУЫЛДЫҢ ТАБИҒИ ӨНІМІН ТҰТЫНУШЫҒА ҰСЫНЫП ЖҮР.



Еркебұланның айтуынша, жылқыға деген қызығушылығы бала күнінен басталған. Әкесі жылқы ұстаса, әкесінің інісі Темірхан көкесі кезінде бие сауып, қымыз дайындаған. Бала Еркебұлан сол үйге ағасымен бірге барып, қымызды жарыса ішіп, тіпті қымызға масайрап ұйықтап қалатын кездерін әлі күнге дейін сағынышпен еске алады. Алайда уақыт өте келе бұл кәсіпке үзіліс болады. Мектепті аяқтаған соң Қ. Жұбанов атындағы университетке грантпен оқуға таңдап, мұнай-газ ісі мамандығын тәмамдайды. Кейін шетелдік бұрғылау компаниясында бес жылдай еңбек етеді. — Демалыс сайын ауылға келіп тұрдым. Бәрібір ауылда өскен соң, мал қарау, далаға шығу, жылқымен айналысу жанымға жақын болды. Дипломым бойынша жұмыс істеп жүрсем де, ауылды ойлай беретінмін. Мал баққың, далаға шыққың келіп тұрады, — дейді Еркебұлан. Осылайша, сыртта жүріп те ауыл шаруашылығына деген қызығушылығын жоғалтпаған ол жылқы санын көбейте бастайды. Бес жылдан кейін біржола ауылға оралып, мал шаруашылығына бет бұрады. Ал бие байлап, қымыз өндіруді 2019 жылдан қолға алады. Алғашында арнайы сауын бие-

лерін сатып алып, тәжірибе жинақтайды. Кейін өз жылқыларын жуасытып, бие саууға үйретеді. Бүгінде бір үйір жылқысының ішінен сүттілігі мен жуастығына қарай іріктелген биелерді кезектестіріп сауып, тұрақты өнім өндіріп келеді. Қымыз өндіру — отбасы мүшелерінің бірлескен кәсібі. Еркебұланға інісі де көмектесіп, бір-бірін алмастырып жұмыс істейді. Маусымдық кәсіп болғандықтан, бие байлау жұмысы мамыр айынан қыркүйек айының соңына дейін жалғасады. Жаздың қызған шағында күніне 30-40 литрге дейін қымыз өндіріледі. Кәсіптің ерекшелігі — өнімнің табиғилығында ғана емес, оның дайындалу тәсілінде де. Қымызды күбінде пісіп, күбіні жергілікті жиде талы мен Жекенді сай бойында өсетін киікоты шөбімен ыстайды. Осы арқылы қымызға ауылдың өзіндік дәмі мен иісін сіңіруді мақсат етеді. Сонымен қатар бал қосып, бал қымыз да дайындайды. — Ауылдың өнімі болғандықтан, қалада жүрген ауылдастарымыз туған жерін сағынғанда, ауылдың дәмін сезінсе екен дейміз. Қымызымызды жерлестеріміз тұтынып, алғыстарын айтып жатады. Сол сөздердің өзі бізге үлкен қолдау, — дейді Еркебұлан Мұханбетжанұлы. Өнімге сұраныс та жоғары. Ауыл

тұрғындарынан бөлек, Ақтөбе-ден де тапсырыс түседі. Ойылдағы дүкендердің бірінде қымыз тұрақты түрде сатылса, Ақтөбедегі бірнеше дүкенге де жеткізіледі. Сонымен қатар саумал түрінде де өнім шығарып, Ақтөбедегі қымыз өндіретін цехтармен жұмыс істейді. Бие сауылған бойда ішетін саумалды тұрақты тұтынушылар да бар. Ал қымыздың ысталған және бал қосылған түріне де сұраныс жоғары. Кәсіп иесі өнімнің барлық түрін қолжетімді бағада ұсынып отыр. Бір литр саумалдың, ысталған қымыздың және бал қымыздың бағасы — 1500 теңге. Ұлттық сусынға деген сұраныс күннен күнге артуы Еркебұланның да ізденуіне себеп. Қазір нарықта түрлі өңірлерден келетін қымыз түрлері бар. Оларға бәсекелестік таныту үшін ол өнімнің сапасына ғана емес, өзіндік ерекшелігіне де мән береді. Жергілікті шөптермен ыстап, бал қосып, қымыздың жаңа түрлерін ұсынып келеді. — Қазақ — ежелден мал баққан ел. Ата-бабамыз ат үстінде өмір сүріп, жылқының етін жеп, сүтін ішкен. Бұл — біздің бойымызға сіңген дүние. Сондықтан біз жасап жатқан жаңалық емес, атадан қалған кәсіпті ары қарай дамыту, жаңғырту және барынша табиғи өнімді, ауылдың дәмін халыққа ұсыну.

Кәсіп иесінің алдағы жоспары да ауқымды. Ол жылқы санын арттырып, сауын биелердің қатарын көбейтуді көздейді. Өйткені өнімге деген сұраныс жылдан-жылға артып келеді. — Тұтынушылар тұрақты түрде өсіп келе жатыр. Кейде өнімді халықтың сұранысына сай жеткізіп үлгермей қалатын кездер де болады. Бір нәрсеге кәсіп жасағаннан кейін өнімнің өтпесе қиын. Ал өнімнің халыққа ұнап, сұранысты толық қанағаттандыра алмасаң, ол одан да қиын екен, — дейді ол. Биыл кәсіпкерге ауыл әкімшілігі тарапынан да қолдау көрсетіліп, жайылымдық жер берілген. Ендігі мақсат — сол аумақта жылқы санын көбейтіп, бие саууды кеңейту. Осы арқылы өнім көлемін арттырып, сапалы қымыз бен саумалды тұтынушыларға тұрақты түрде ұсыну. Еркебұлан үшін бұл — жай ғана табыс көзі емес, бала күнінен жанына жақын болған ата кәсіпті жалғастырудың жолы. Бір көздері ағасымен жарысып ішкен қымыздың дәмі жылдар өткен соң оны ауылға қайта жетелеп, бүгінде отбасылық кәсіпке айналды. Ауылдың табиғи өнімін дөріптеп, туған жердің дәмін жан-жаққа жеткізуге ұмтылған жас кәсіпкердің еңбегі де осында.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА,
Ойыл сепосы.

ТІЛ — ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ ТІРЕГІ

Тіл — ұлттың рухани байлығы, халықтың тарихи мен мәдениетін сақтайтын баға жетпес құндылық. Мемлекеттік тіліміз — халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мұрасы. Осы тілде халқымыздың тал-тай ғасырлық тарихи жазылды, жыр-дастандары айтылды, ұлы ақындарымыз бен жазушыларымыз өз шығармаларын дүниеге әкелді. Сондықтан қазақ тілін құрметтеу — өз тарихымыз бен мәдениетімізді құрметтеу деп санаймын. Тілді дамыту үшін ең алдымен оны күнделікті өмірде қолдану қажет. Қазақ тілінде сөйлесу, кітап оқу, фильмдер мен бағдарламаларды көру, мемлекеттік тілдегі ақпаратты пайдалану арқылы әр азамат тілдің дамуына өз үлесін

қоса алады. Өсіресе жас ұрпақтың қазақ тілін еркін меңгеруі — болашақ үшін маңызды. Мемлекеттік тіл — қоғамды біріктіретін ортақ құндылық. Қазақстан — түрлі этнос өкілдері мекендейтін көпұлтты мемлекет. Барша азаматтардың бір-бірінің мәдениеті мен тілін құрметтеуі елдегі татулық пен тұрақтылықты нығайтады. Ал қазақ тілін білу Қазақстан қоғамына ортақ біртұтас кеңістікті қалыптастыруға ықпал етеді. Сот саласында қазақ тілін қолдану тек соттағы құжаттарды мемлекеттік тілде жүргізумен шектелмеуі керек. Сотқа келетін әр тұлға мемлекеттік тілді жақсы меңгеріп, оны күнделікті қызметінде еркін қолданғаны дұрыс, әсіресе сотқа үшін беруші тара-

пынан арыздардың мемлекеттік тілде берілуі, оның ішінде мемлекеттік органдардың арыздарды ана тілімізде беруіне назар аударылуы тиіс. Сонда ғана мемлекеттік тіліміздің қолданылу аясы кеңіп, мәртебесі жоғары болатыны анық. Ол үшін әрбір адамның жауапкершілігі мен тілді құрметтеуі аса маңызды деп санаймын. Сот жүйесінде мемлекеттік тілдің қолданылуына көңіл бөлініп, шығыс және ішкі құжаттардың қазақ тілінде дайындалуына назар аударылғанымен, әлі күнге дейін кіріс құжаттарының ресми тілде түсуі басым. Өкінішке орай, осы күнге дейін сотқа келіп түсетін арыздардың басым бөлігі ресми тілде, яғни орыс тілінде түседі. Сол себепті ресми тілде қаралып, сол тілде

шешім қабылданады. Бұл ана тіліміздің халық арасында әлі де басты орында қолданылмайтындығын көрсетеді. Сондықтан мемлекеттік тілге деген құрметті әр адам өзінен, өз қызметінен бастап көрсетуі керек. Қорыта айтқанда, мемлекеттік тіл — тәуелсіздігіміздің тірегі, ұлттық болмысымыздың негізі. Қазақ тілінің мәртебесін көтеру — әрқайсымыздың азаматтық жауапкершілігіміз. Ана тілімізді ардақтап, мемлекеттік тілді құрметтеп, оның кеңінен қолданылуына үлес қосу арқылы біз ел болашағына қызмет етеміз. Тілі мықты елдің рухы да биік болады.

Г. АБИЕВА,
Ойыл аудандық сотының судьясы.

ҰСТАЗ БЕН ШӘКІРТТІҢ ҚОС ЖЕҢІСІ



Білім саласындағы үздіктерді анықтап, ұстаздар мен оқушылардың ізденісін қолдауға бағытталған «Leader TopIQ» республикалық байқауын «Алматыкітап баспасы» жыл сайын ұйымдастырып келеді. Биыл дәстүрлі білім додасы алтыншы рет өткізіліп, оған еліміздің әр өңірінен ұстаздар мен оқушылар қатысты. Байқаудың басты мақсаты — білім беру үдерісінде заманауи цифрлық мүмкіндіктерді тиімді пайдаланып жүрген үздіктерді анықтап, олардың озық тәжірибесін насихаттау. Білім бәйгесінде бақ сынаған Саға мектеп-балабақшасының ұстазы

мен оқушысы қатарынан жүлделі орындарға ие болып, білім ордасының мерейін үстем етті. Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Аяғөз Тілектесова «Жас маман» номинациясы бойынша III орын иеленіп, 100 мың теңге көлеміндегі ақшалай сыйлыққа ие болды. Ал 2-сынып оқушысы Гүлдана Артурқызы байқауда үздік нәтиже көрсетіп, I орын алды. Жас жеңімпазға 150 мың теңге көлемінде сыйақы табысталды. Ұстаз бен шәкірттің бір байқауда қатарынан жүлде алуы — Саға мектеп-балабақшасы үшін үлкен жетістік. Бұл нәтиже — ізденіс пен еңбектің, білімге деген құштарлықтың жемісі.

ҰРПАҚТАН ҰРПАҚҚА ЖЕТКЕН ҚҰНДЫ МҰРА

ӨЙГІЛІ ТАРЫ ӨСІРУШІ, ДАЛА АКАДЕМИГІ ШЫҒАНАҚ БЕРСИЕВТІҢ ТУҒАНЫНА БИЫЛ 145 ЖЫЛ ТОЛЫП ОТЫР. ОСЫҒАН ОРАЙ АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІНІҢ ҚОР БӨЛІМІНДЕ ШЫҒАНАҚ АТАНЫҢ ӨМІРІ МЕН ЕҢБЕК ЖОЛЫНА ҚАТЫСТЫ ТЫҢ ДЕРЕКТЕРДІ АНЫҚТАУ, ЖИНАҚТАУ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ.



Зерттеу барысында Шығанақ Берсиевтің отбасы мен ұрпақтарына қатысты құнды мәліметтермен қатар, әулеттен қалған қолөнер бұйымдарына да ерекше көңіл бөлінуде. Ш. Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихи музейінің қорында сақтаулы тұрған осындай жәдігердің бірі — желбау. Қазақтың дәстүрлі тұрмысында өзіндік орны бар бұл бұйымнан халқымыздың қолөнер мәдениеті мен әжелердің ісмерлігі анық аңғарылады. Шығанақ Берсиевтің анасы Шалық әжеміз де қолынан іс келетін шебер жан болған екен. Киіз үйдің ішкі жабдықтарына қажетті алаша, желбау, басқұр секілді бұйымдардың барлығын өзі тоқып, кейінгі ұрпаққа өнеге қалдырған. Бұл өнер әулетте жалғасын тауып, Шығанақ атаның жары Зәру әже мен келіні Ажархан әже де қолөнермен айналысқан. Олар да өз қолдарымен алаша, желбау және түрлі тұрмыстық бұйымдар тоқыған. Музей қорында сақтаулы тұрған желбаудың тағы бір ерекшелігі — оның Шығанақ атаның жары Зәру әженің қолынан шыққандығында.

Зәру әже қой жүнін қызыл, жасыл, сары түстерге бояп, жүнді өзі иіріп, желбауды қолмен тоқып жасаған. Жәдігер 1960–1965 жылдары ағаш үйдің ішкі көрінісін сәндеуге пайдаланылып, әрі сәндік, әрі тұрмыстық қызмет атқарған. Кейіннен бұл мұра Шығанақ атаның немересі, Шайқының қызы Гүлшара апаның қолында сақталып келген. Ал 2026 жылы отбасылық жәдігер музей қорына тапсырылды. Бір қарағанда қарапайым ғана желбау болып көрінгенімен, оның бойында тұтас бір әулеттің тарихы жатыр. Әженің маңдай тері мен қол еңбегі, атадан балаға жалғасқан өнер, отбасы құндылығы мен ұлттық қолөнердің өнегесі осы бір жәдігер арқылы бүгінгі күнге жетіп отыр. Мұндай құнды дүниелер — өткеннің белгісі ғана емес, ұрпаққа аманат болған рухани мұра. Шығанақ Берсиев әулетінен жеткен бұл желбау да қазақтың дәстүрлі қолөнерін дөріптеп, кейінгі буынға ұлттық құндылықты танытатын тарихи жәдігер ретінде музей қорында сақталуда.

ЖОЛДАУ-2025: ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ ҚАЛАЙ ОРЫНДАЛДЫ?

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ 2025 ЖЫЛҒЫ 8 ҚЫРКҮЙЕКТЕ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫН ЖАРИЯЛАДЫ. ОНДА ҮКІМЕТ АЛДЫНДАҒЫ МІНДЕТТЕР АШЫҚ АЙТЫЛДЫ. БІР ЖЫЛ БАСТАЛҒАН ІСТІҢ НӘТИЖЕСІН БАҒАЛАУҒА, АТҚАРЫЛҒАН ІСТІ ТАРАЗЫЛАУҒА ЖЕТКІЛІКТІ ЕКЕНІ АНЫҚ. ЕНДЕШЕ, БЫЛТЫРҒЫ ЖОЛДАУДА КӨТЕРІЛГЕН ҚАНДАЙ БАСТАМАЛАР НӘТИЖЕ БЕРГЕНІН ЖӨНЕ ҚАЙ ТАПСЫРМА ОРЫНДАЛҒАНЫН САРАПТАП КӨРЕЙІК.



Бұл – Президенттің 8-ші Жолдауы еді. Дәстүрге сәйкес Мемлекет басшысы жыл сайын Парламенттің жаңа сессиясының ашылу рәсімінде сөз сөйлейтін. Тек 2022 жылы ғана бұл үрдіске өзгеріс еніп, бір жылда 2 Жолдау арналды: алғашқысы – наурызда, кейінгісі – қыркүйекте.

Президент Жолдауы - жай саяси мәлімдеме емес. Онда қоғамның көкейінде жүрген мәселелер көтеріліп, экономикадан бастап әлеуметтік салаға дейінгі басым міндеттер белгіленеді. Мысалы, өткен Жолдауларда көтерілген АЭС құрылысы, өкімдерді тікелей сайлау, Ұлттық қордан балаларға қаржы аудару, ауылдарды көркейту секілді мәселелер кейін нақты іске ұласқанын білеміз. Ал 2024 жылғы Жолдаудың өзегі болған заң мен тәртіп тақырыбы бүгінде ұлттық концепцияға айналып отыр. Сондықтан Жолдауда айтылған әрбір бастама түптеп келгенде қарапайым азаматтың өміріне әсер етеді десек жөн.

Парламенттің келешегі шешілді. Өткен жылғы Жолдауда Парламент тағдырына қатысты маңызды ұсыныс – бір палаталы Парламент құру идеясын естідік. Қасым-Жомарт Тоқаев ұсынысты қоғам талқылауы көрегін, шешімді де халықтың өркіне салу қажетін баса айтты. Кейін қазан айының басында Парламенттік реформа жөніндегі жұмыс тобы құрылып, халықтан келген 2 мыңнан астам ұсыныс-хат қаралғаны көпке белгілі.

— Мен дәл бүгін елімізде көп ұзамай бір палаталы Парламент құру туралы бастама көтергім келеді. Бірден айтайын, бұл – өте маңызды мәселе. Оны асығыс жүзеге асыруға болмайды. Бұл реформа азаматтық сәткерде, сарапшылар ортасында, сондай-ақ, әріне, қазіргі Парламентте жан-жақты талқылануы қажет, – деген болатын Президент өткен жылғы Жолдауында.

Мемлекет басшысы айтқан жан-жақты талқы шынында жүзеге асты. Конституциялық комиссия отырысында, БАҚ пен әлеуметтік желіде Конституцияға өзгерістер енгізуге қатысты ел пікірін естідік. Бір палаталы Парламенттің ұтымды тұсын әрі заң шығару процесіне қатысты оңтайлы жағы басым шыққан. Нәтижесінде, жаңа Ата Заң қабылдау жөніндегі референдумда Парламентке қатысты реформа қолдау тапты.

Alatau City-ге арнайы мәртебе берілді

Мемлекет басшысы Жолдауда Alatau City-ге ерекше мән берді. Шаһарды іскерлік және инновациялық орталыққа айналдыру көрегі бұрын да айтылғанымен, бұл жолы нақты тапсырма мерзіммен шегеленген. Президент қалаға ерекше статус беруге Үкіметке 10 күн мұрша беріп, басқару ережелері, қаржылық моделін нақтылауды тапсырды. Сондықтан Жолдаудан көп өтпей Алатау қаласы арнайы мәртебе еншіледі.

— Арнайы құқықтық мәртебе – қалаға берілетін артықшылық емес, жобаның қағаз жүзінде қалып қоймай, нақты іске асуына қажетті шара немесе құрал екенін айта кеткен жөн.

Alatau City аймақтағы толық цифрланған алғашқы қалаға айна-

луға тиіс. Мұнда Smart City технологияларын қолданудан бастап тауарлар мен қызмет ақысын криптовалютамен төлеуге дейінгі жаңалықтың барлығы енгізілуі керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Мемлекет басшысының тарапынан танытқан қызығушылық шетелдік компанияларды оятты. Қазіргі таңда жобаны жүзеге асыруға Surbana Jurong, KPMG Korea, Alatau City Bank секілді компаниялар атсалысуға ниетті. Alatau City қаласының құрылысына Оңтүстік Корея, Сингапур және АҚШ елдері аса қызығушылық танытып отыр.

Цифрландыру және жасанды интеллект

2025 жылы Жолдау «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» тақырыбын арқау еткен. Көпшілік атауынан-ақ барлық секторды цифрландыруға басымдық берілетінін аңғарды. Оған қоса Президент те Жолдауда «цифрландыру» сөзін 14 рет, «жасанды интеллект» сөзін 31 рет қайталаған. Тіпті арасында цифрландыру стратегиялық міндет ретінде айқындалғанын аңғардық, яғни Мемлекет басшысы үш жылда жаппай цифрлық өлге айналымыз деді.

Жолдауға Үкімет жауабы да жағымды болды. Тапсырманы орындау үшін жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігін құру, Цифрлық кодексті әзірлеу, жасанды интеллектіні экономикаға енгізу қарқынды жүрді. Президент пәрменінен кейін он күннің ішінде Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің есігі ашылса, кейін салаға қатысты құқықтық құжаттар бірінен кейін бірі жарыққа шықты: Президент 2025 жылы 17 қарашада «Жасанды интеллект туралы» Заңға, биыл 9 қаңтарда Цифрлық кодекске қол қойды.

Жаңа министрліктің жасаған қадамы көп. Ведомство көмегімен Жасанды интеллектіні 2029 жылға дейін дамыту тұжырымдамасы мен Digital Kazakhstan жалпыұлттық стратегиясы бекітілді. Мұның бәрі жасанды интеллектті экономика мен еңбек нарығына бөйімдеп, барлық саладағы цифрлық трансформация қағидасын қалыптастыруға ықпал еткенін айта кету керек.

Білім беру мен медицина дамыды

Айта кетерлігі, Президент Жолдауда «Келешек мектептері» жобасын толық аяқтауды тапсырған болатын. Өйткені Жолдауға дейін жоба аясында жоспарланған 217 мектептің 150-і ғана жұмыс істеп тұрғаны мәлім болды. Мемлекет басшысы қалған нысандарды да қысқа мерзімде пайдалануға беруді міндеттеп, қалған білім ошағы 2025 жылы ел игілігіне берілді.

Нәтижесінде білім беру инфрақұрылымы артық жүктемеден арылды десек болатындай. Жоба аясында білім инфрақұрылымы 460 мың оқушыға арналған жаңа орындармен толықты. Бастысы, «Келешек мектептері» жобасының көмегімен үш ауысымда жұмыс істеген 54 мектептің және апатты жағдайдағы 12 білім ошағының мәселесі толығымен шешілгені есте.

Жолдау ауылдық жерлердегі медицинаның ілгерілеуіне де көмегін тигізді. Өткен жылдың соңына қарай алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін 195 нысанның пайдалануға беріліп, шалғайдағы миллиондаған ауыл тұрғыны сапалы медициналық көмек ала бастады.

Көлік-Логистика: Smart Cargo-дан теміржолға дейін

Жолдауда көлік-логистика саласы қалыс қалмады. Көптен айтылып жүрген кедендік рәсімдер мен логистиканы цифрландыру жайы күн тәртібіне қайта шықты. Мәселен, Президент қазан айына дейін іске қосуды тапсырған Smart Cargo жүйесі қазір жұмыс істеп тұр. Платформа кеден мен логистикадағы 58 ақпараттық жүйені бір ортаға біріктірді. Бұл арқылы Smart Cargo жүйесі елдегі көлік-логистика саласындағы жүктердің барлығын дерлік бақылауға алуға қауқарлы деген сөз. Бүгінде цифрлық шешімнің арқасында шекарадан өтетін жүк қозғалысы 30 пайызға және кезек күту 10 есеге көміген.

Жолдаудан кейін теміржол инфрақұрылымына қатысты маңызды жобалар жалғасты. Ұзындығы 836 шақырымды құрайтын «Достық – Мойынты» учаскесінің екінші теміржол желісі пайдалануға берілсе, «Қызылжар – Мойынты» және «Бақты – Аягөз» теміржол желілерінің құрылысы басталған. Жаңа желілер толық көлемде іске қосылған жағдайда Қазақстан-Қытай теміржол бағыттарының өткізу қуаты бес есеге дейін артпақ.

Ауыл шаруашылығы мен су саласы

Өткен жылғы қыркүйекте берілген тапсырманың бір парасы ауыл шаруашылығына да қатысты. Президент бос жатқан және заңсыз алынған ауыл шаруашылығы жерлерін көрі қайтарып, оны қайта бөлуге пәрмен берді. Мемлекет басшысының ұстанымына сүйенсек, жер иесіз қалмауға тиіс, жерді тек оның қадірін білетін азаматтарға беру керек. Сондықтан кейінгі бір жылда мемлекетке қайтарылған жерлерді қайта айналымға қосу жұмысы жалғасып келеді. Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметінше, 2022 жылдан бері мемлекет меншігіне 13,5 млн гектардан астам ауыл шаруашылығы жері өткен болса, соның шамамен 6 млн гектары ғана бастапқы кезеңде қайта бөлінді. Осы мәселені жүйелі түрде шешу үшін Президент өкімдіктерге қайтарылған алқаптарды тиімді пайдалануға беріп, тұрақты ауыл шаруашылығы айналымына енгізуді жүктеді. Министрліктің мәліметінше, қазір 7,5 млн гектар жерді ауыл шаруашылығы айналымына енгізу жөніндегі тапсырма орындалған. Оның 3,5 млн гектары мал жаю үшін жергілікті тұрғындарға, 4 млн гектары ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге конкурстық негізде берілген екен. Қалған бөлігі кезең-кезеңімен үлестірілетін болады.

Сонымен қатар Жолдаудан кейін жерүсті және жерасты сулары жөніндегі ақпаратты жүйелеуде ілгерілеу бар. Осы мақсатта Су ресурстарының ұлттық ақпараттық жүйесі әзірленуде. Жауапты министрлік платформаны жыл

соңына дейін пайдалануға береміз деп отыр. Жүйеге су қорлары, гидротехникалық нысандар туралы деректер енгізіліп, жасанды интеллект пен ғарыштық мониторингпен байланыстырылмақ. Футбол клубтары жеке өтті

Жолдауда Қасым-Жомарт Тоқаев футбол клубтарын жекешелендіру қарқынына көңілі толмайтын билдіріп, бұл бағыттағы жұмысты жеделдету көрегін айтты. Содан бері бірқатар клуб электронды аукцион арқылы сатылды. Олардың қатарына:

- «Ақтөбе» футбол клубы;
- «Тұран» футбол клубы;
- «Атырау» футбол клубы;
- «Қайсар» футбол клубы;
- «Қызылжар» футбол клубы;
- «Жеңіс» футбол клубы;
- «Шахтер» футбол клубы;
- «Ордабасы» футбол клубы;
- «Оқжетпес» футбол клубы;
- «Елімай» футбол клубы;
- «Тобыл» футбол клубы қосылған.

Сонымен қатар өткен жылдан бастап мемлекет ҚПЛ клубтарын дағы шетелдік ойыншылардың шығындарын бюджет есебінен өтеуге заңмен тыйым салды.

Ескерер жайт, Жолдаудан кейін отандық кәсіби футболдың қаржыландыру жүйесі түбегейлі өзгерді. Бұған дейін клубтардың негізгі шығыны өңірлік бюджет есебінен жабылса, қазір мемлекет бұл модельден біртіндеп алыстап, футболдың ұзақ мерзімді дамуына қажетті инфрақұрылым мен академияларды қолдауға басымдық беруде. Ал кәсіби командалардың күнделікті қызметі мен қаржылық тұрақтылығы жеке сектордың жауапкершілігінде.

Инвестицияға иек арту

Өткен жылғы қыркүйекте өзге салалардың жай-күйі де қараусыз қалмады. Мысалы, Президент инвестицияларды тек шикізат секторына емес, өңдеу өнеркәсібі, сирек металдарды өңдеуге де бағыттауды талап етті. Тіпті геологиялық мәліметтерді жүйелеу үшін ЖИ-ді белсенді қолданып, Ұлттық геологиялық қызмет базасында арнайы зертхана ашуды жүктеді. Мұның барлығы қазір орындалу барысында.

Оған қоса инфрақұрылым саласында көлік-логистика әлеуетін арттыру, су ресурстарын басқаруды толық цифрландыру және тұрғын-үй коммуналдық жүйесін жетілдіру басты міндет ретінде бекіген. Әлеуметтік саясатқа тоқталған Мемлекет басшысы тиімсіз жөңілдіктер мен төлемдерді оңтайландыруды, ал медицина саласында қызмет сапасын арттырып, бірыңғай пакеттерді енгізуді тапсырған. Елдегі кадр тапшылығын шешу үшін 2025 жыл «Жұмысшы мамандықтарының жылы» деп жарияланып, техникалық кәсіптердің беделін арттыруға баса назар аударылғаны тағы бар.

Қорыта айтсақ, Президенттің Жолдауда қойылған тапсырмалары нақты нәтижесін берді. Жаңа мектептер мен медициналық нысандар іске қосылды, көлік саласында ірі жобалар аяқталды. Сол себепті өткен жылғы Жолдау экономикаға да, халық өміріне де әсер етті деуге толық негіз бар.

Ерсін ШАМШАДИН
kaz.inform.kz

БЖЗК «HALYK GLOBAL MARKETS» АҚ-МЕН ШАРТТЫ БҰЗУ ТУРАЛЫ ЕСКЕ САЛАДЫ

БЖЗК 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап «Halyk Global Markets» АҚ-ға зейнетақы активтерін басқаруға беру бойынша жаңа өтініштер қабылданбайтынын еске салады. Бұл шешім компанияның БЖЗК-мен жасалған шартты 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап өз бастамасымен бұзу туралы хабарлама жіберуіне байланысты қабылданды. Бұған дейін «Halyk Global Markets» АҚ-ның басқаруына берілген зейнетақы жинақтары шарт тоқтатылғанға дейін компанияның басқаруында қала береді.

Шарт күшінде болған кезеңде басқарушы компания өз міндеттемелерін толық орындауға, оның ішінде инвестициялық стратегияны сақтауға және активтердің сақталуын қамтамасыз етуге тиіс. Шарт тоқтатылғаннан кейін басқарудағы зейнетақы активтері толық көлемде ақша түрінде Қа-

зақстан Республикасының Ұлттық Банкіне беріледі. Егер теріс айырма қалыптасса, оны «Halyk Global Markets» АҚ толық көлемде өтеуге міндетті.

Салымшылар зейнетақы жинақтарын Ұлттық Банктің немесе басқа инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруына аударалады. Бұл ретте алдыңғы аударым жасалған күннен бастап кемінде бір жыл өтуі қажет.

2026 жылдың басынан бері:

- «Halyk Global Markets» АҚ-дан басқа басқарушы компанияларға 441 аударым жасалды. Жалпы сомасы -765,5 млн теңге;
- Ұлттық Банктің басқаруына 881 аударым жасалды. Жалпы сомасы – 1,3 млрд теңге.

Бір салымшы зейнетақы жинақта-рын басқа басқарушы компанияға немесе Ұлттық Банктің басқаруына бірнеше рет аударалады.

ЕНПФ НАПОМИНАЕТ О ПЛАНИРУЕМОМ РАСТОРЖЕНИИ ДОГОВОРА С АО

АО «Единый накопительный пенсионный фонд» сообщает, что с 1 января 2026 года прекращен прием новых заявлений на перевод пенсионных накоплений в доверительное управление АО «Halyk Global Markets».

Решение связано с получением 31 декабря 2025 года уведомления от УИП о планируемом расторжении договора с ЕНПФ с 1 января 2027 года.

При этом ранее переданные пенсионные накопления продолжают находиться в управлении Halyk Global Markets на действующих условиях до момента их передачи под управление Национального Банка РК.

До окончания действия договора УИП обязан выполнять все свои обязательства, в том числе соблюдать утвержденную инвестиционную стратегию, обеспечивать сохранность активов и предоставлять отчетность.

После завершения срока управления ЕНПФ вернет пенсионные активы, находящиеся в дове-

рительном управлении УИП, в полном объеме в виде денег в доверительное управление Национальному Банку РК.

Если возникнет отрицательная разница, УИП обязан возместить ее в полном объеме. Порядок расчета и сроки возмещения определены постановлением Агентства РК по регулированию и развитию финансового рынка от 7 июня 2023 года №43.

Напоминаем, что вкладчики могут передать пенсионные накопления в доверительное управление НБРК или другому УИП не ранее чем через один год с даты предыдущей передачи.

С начала 2026 года:

- из Halyk Global Markets в другие УИП осуществлен 441 перевод на общую сумму 765,5 млн тенге;
- под управление НБРК осуществлен 881 перевод на общую сумму 1,3 млрд тенге.

При этом один вкладчик мог совершить более одного перевода пенсионных накоплений в другие УИП или под управление НБРК.

2026 ЖЫЛҒЫ 7 ҚЫРКҮЙЕКТЕН БАСТАП БЖЗК САЛЫМШЫЛАРЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫН БАСҚАРУДЫҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН МҮМКІНДІКТЕРІНЕ ИЕ БОЛДЫ

2026 жылғы 7 қыркүйектен бастап Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне енгізілген, салымшылардың өз зейнетақы жинақтарын басқару мүмкіндіктерін кеңейтетін өзгерістер күшіне енді. Жаңа өзгерістерге сәйкес, енді салымшы (алушы) жеке зейнетақы шотындағы (ЖЗШ) міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) және ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының 100%-на дейін инвестициялық портфельді басқарушылардың (ИПБ) сенімгерлік басқаруына бере алады.

Бұл ретте МЗЖ және ЕЗЖ есебінен жинақтары бар салымшылар, сондай-ақ олар үшін МКЗЖ және ЕЗЖ аударылған жеке тұлғалар өздерінің сенімгерлік басқаруға берілетін жинақтарының көлемін дербес айқындауға, сондай-ақ қаржылық мақсаттарына сәйкес бір немесе бірнеше ИПБ-ны және

бір немесе бірнеше инвестициялық портфельді таңдауға құқылы.

Заңнамаға сәйкес, ИПБ үш инвестициялық портфельге дейін қалыптастыра алады: консервативті, қалыпты және тәуекелді. Олар тәуекел деңгейі, күтілетін кірістілік және инвестициялау мерзімдері бойынша ерекшеленеді. Өртүрлі инвестициялық портфельдерді таңдау мүмкіндігі Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің 37-1-бабында бекітілген. Оларды қалыптастыруға қойылатын талаптарды қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.

Зейнетақы жинақтарын инвестициялық портфельді басқарушылардың сенімгерлік басқаруына беру тәртібі және инвестициялық мүмкіндіктер туралы толық ақпарат БЖЗК сайтында және invest.enpf.kz платформасында қолжетімді.

С 7 СЕНТЯБРЯ 2026 ГОДА ВКЛАДЧИКИ ЕНПФ ПОЛУЧИЛИ БОЛЬШЕ ВОЗМОЖНОСТЕЙ ПО УПРАВЛЕНИЮ ПЕНСИОННЫМИ НАКОПЛЕНИЯМИ

7 сентября 2026 года вступили в силу изменения в Социальный кодекс Республики Казахстан, расширяющие возможности вкладчиков по управлению своими пенсионными накоплениями1.

Согласно нововведениям размер пенсионных накоплений, передаваемых в доверительное управление частным управляющим инвестиционным портфелем (УИП), теперь может составлять до 100% средств за счет обязательных пенсионных взносов (ОПВ), обязательных профессиональных пенсионных взносов (ОППВ) и добровольных пенсионных взносов (ДПВ), имеющих на индивидуальном пенсионном счете вкладчика (получателя).

При этом вкладчики ОПВ и ДПВ, а также физические лица, за которых перечислены ОППВ и ДПВ, могут самостоятельно определить объем своих накоплений, передаваемых в доверительное управление, выбрать один или несколько УИП, а также один или

несколько инвестиционных портфелей в соответствии со своими финансовыми целями.

В соответствии с законодательством УИП могут формировать до трех инвестиционных портфелей: консервативный, умеренный, рискованный. Они различаются по уровню риска, ожидаемой доходности и срокам инвестирования. Возможность выбора различных инвестиционных портфелей закреплена в статье 37-1 Социального кодекса Республики Казахстан. Требования к их формированию определяются уполномоченным органом по регулированию, контролю и надзору финансового рынка и финансовых организаций.

Полная информация о порядке передачи пенсионных накоплений в управление доверительных управляющих инвестиционным портфелем и инвестиционных возможностях доступна на сайте ЕНПФ и на платформе invest.enpf.kz.

ГЕМОРРАГИЯЛЫҚ ҚЫЗБА КЕНЕДЕН КЕЛЕДІ

Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы – кене арқылы таралатын қауіпті вирустық жұқпалы ауру. Бұл ауру адамдарға көбінесе кене шаққан кезде немесе ауру жұқтырған жануарлардың қаны мен тіндерімен жанасу арқылы беріледі. Сондай-ақ науқастың қаны немесе басқа биологиялық сұйықтықтары арқылы адамнан адамға жұғуы мүмкін. Аурудың алғашқы белгілері кенеттен басталады. Науқастың дене қызуы көтеріліп, басы қатты ауырады, бұлшықеттері сырқырайды, әлсіздік пайда болады. Кейін жүрек айну, құсу, іштің ауыруы және денеде қан құйылу белгілері байқалуы



мүмкін. Уақытында емделмеген жағдайда ауру ауыр асқынуларға әкелуі ықтимал. Конго-Қырым геморрагиялық қызбасынан сақтанудың ең тиімді жолы – кене шағуының алдын алу. Табиғатқа шыққанда жабық,

ашық түсті киім киіп, шалбардың балағын шұлықтың ішіне салған жөн. Дененің ашық жерлеріне кенеге қарсы арнайы қорғаныш құралдарын қолдану ұсынылады. Табиғаттан келгеннен кейін денені

және киімді мұқият тексеру қажет. Мал шаруашылығымен айналысатын адамдар қорғаныш қолғаптары мен арнайы киім киіп жұмыс істегені дұрыс. Егер денеге кене жабысып қалса, оны өздігінен жұлып алуға тырыспай, мүмкіндігінше медициналық мекемеге жүгіну керек. Қорытындылай келе, Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы – алдын алу шараларын сақтауды талап ететін қауіпті инфекция. Әр адам жеке қорғаныс ережелерін орындап, ауру белгілері байқалған жағдайда дереу дәрігерге қаралуы қажет. Уақтылы медициналық көмек аурудың ауыр салдарын болдырмауға мүмкіндік береді.

ҚҰТЫРҒАН МАЛ – АДАМҒА ДА ҚАУІПТІ!



Құтырма – жануарлардан адамға жұғатын, жүйке жүйесін зақымдайтын аса қауіпті жұқпалы ауру. Аурудың қоздырғышы – құтырма вирусы. Уақытында медициналық көмек көрсетілмеген жағдайда ауру адам өміріне үлкен қауіп төндіреді. Құтырма көбінесе ауру жануардың тістеуі, тырнауы немесе сілеп-кейінің жарақаттанған теріге және шырышты қабатқа түсуі арқылы жұғады. Ит, мысық және жабайы жануарлар инфекция көзі болуы мүмкін. Жануар тістеп немесе тырнап алған жағдайда жараны дереу сабынмен және мол сумен мұқият жуу қажет. Одан кейін медициналық мекемеге тез арада қаралу керек.

Дәрігер қажет болған жағдайда құтырмаға қарсы вакцинация және басқа да профилактикалық ем тағайындайды. Құтырманың алдын алудың негізгі жолы – үй жануарларын уақытында ветеринариялық бақылаудан өткізіп, құтырмаға қарсы вакцинациялау. Қаңғыбас немесе күдікті жануарларға жақындамаған жөн. Балаларға бейтаныс жануарларды ұстамау керектігін түсіндіру маңызды. Есте сақтаңыз: жануардың тістеуі немесе тырнауы елеусіз жағдай емес. Жара кішкентай болып көрінсе де, медициналық көмекке мүмкіндігінше тез жүгіну қажет. Құтырманың алдын алу – өз денсаулығыңызға жауапкершілікпен қараудан басталады!

ОПИСТОРХОЗ: СЕБЕПТЕРІ, БЕЛГІЛЕРІ ЖӘНЕ АЛДЫН-АЛУ ЖОЛДАРЫ ҚАНДАЙ?



Описторхоз – адам мен жануарлардың бауыры мен өт жолдарын зақымдайтын паразиттік ауру. Бұл ауруды Opisthorchis туысына жататын жалпақ құрттар тудырады. Описторхоз көбінесе дұрыс өңделмеген немесе шала піскен тұщы су балықтарын тұтыну нәтижесінде жұғады. Аурудың себептері Паразиттің жұмыртқалары суға түсіп, оның даму циклі бірнеше аралық иелер арқылы жалғасады. Адам ағзасына паразиттің дернәсілдері бар балықты жеген кезде енеді. Әсіресе тұқы тұқымдас балықтар қауіп төндіріуі мүмкін. Описторхоздың негізгі белгілері: дене қызуының көтерілуі. Әлсіздік пен тез шаршау. Оң жақ қабырға астындағы ауырсыну, төбеттің төмендеуі, жүрек айну және ас қорыту бұзылыстары мен аллергиялық бөртпелер. Ауру созылмалы түрге ауысқан жағдайда бауыр, өт

қабы және ұйқы безі қызметінің бұзылуына әкелуі мүмкін. Описторхозды анықтау үшін зертханалық талдаулар жүргізіледі. Дәрігер нәжіс пен қан талдауларын тағайындайды. Емдеу паразитке қарсы дәрілерді қолдану арқылы жүргізіледі. Сонымен қатар науқасқа арнайы диета мен қалпына келтіру шаралары ұсынылады. **Аурудың алдын алу үшін:** Балықты толық пісіріп немесе қуырып пайдалану керек. Шикі және шала тұздалған балықты тұтынбаған дұрыс. Ас дайындау кезінде санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау да маңызды. Описторхоз – адам денсаулығына елеулі зиян келтіруі мүмкін паразиттік ауру. Сондықтан су көздерін ластанмай, балық өнімдерін дұрыс өңдеу және жеке гигиенаны сақтау арқылы бұл аурудың алдын алуға болады.

ЕКПЕ - ҚОРҒАНЫС КЕЛІДІ!

ЕКПЕ – АДАМ ДЕНСАУЛЫҒЫН ҚОРҒАУДЫҢ ЕҢ ТИІМДІ ТӨСІЛДЕРІНІҢ БІРІ. ВАКЦИНАЦИЯ АРҚЫЛЫ КӨПТЕГЕН ЖҰҚПАЛЫ АУРУЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУҒА ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТАРАЛУЫН АЗАЙТУҒА БОЛАДЫ. СОНДЫҚТАН ЕКПЕ АЛУ – ТЕК ЖЕКЕ АДАМНЫҢ ҒАНА ЕМЕС, БҮКІЛ ҚОҒАМНЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ ҮШІН МАҢЫЗДЫ.



Вакцина адамның ағзасында белгілі бір ауруға қарсы иммунитет қалыптастырады. Екпе алған адамның ағзасы инфекциямен кездескен жағдайда ауруды жеңіл өткізуі немесе мүлде ауырмауы мүмкін. Әсіресе балалар үшін вакцинацияның маңызы зор, өйткені олардың иммундық жүйесі әлі толық қалыптасып үлгермеген. Екпе көптеген қауіпті жұқпалы аурулардың таралуын шектеуге көмектеседі. Вакцинация деңгейі жоғары болған кезде қоғамда ұжымдық иммунитет қалыптасып, аурудың әлсіз адамдарға, мысалы, сәби-

лерге немесе иммунитеті төмен адамдарға жұғу қаупі азаяды. Сонымен қатар вакцинация аурудың асқынуы мен өлім-жітімнің алдын алуға ықпал етеді. Дүниежүзінде жүргізілген жаппай вакцинацияның арқасында кейбір жұқпалы аурулар айтарлықтай азайды. Қорытындылай келе, екпе – денсаулықты сақтаудың және жұқпалы аурулардың алдын алудың маңызды құралы. Әр адам вакцинация туралы сенімді ақпарат алып, дәрігердің кеңесін ескеріп, қажетті екпелерді уақытында алғаны дұрыс. Денсаулықты қорғау – әр адамның өзінен басталады.

СҰЛУЛЫҚ САЛОНДАРЫНА ҚАНДАЙ ТАЛАПТАР ҚОЙЫЛАДЫ?

Сұлулық салондары халыққа косметологиялық, шаштараз және тырнақ күтімі сияқты түрлі қызметтер көрсетеді. Бұл қызметтердің қауіпсіз әрі сапалы орындалуы санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуына тікелей байланысты. Аталған талаптар клиенттердің денсаулығын қорғауға, жұқпалы аурулардың алдын-алуға және қауіпсіз қызмет көрсетуге бағытталған. Салондағы барлық жұмыс орындары таза әрі жарық болуы тиіс. Үй-жайлар күнделікті ылғалды тазартылып, жүйелі түрде желдетіледі. Қабырғалар, еден және жұмыс үстелдері тазалауға және дезинфекциялауға қолайлы материалдардан жасалған болуы қажет. Сонымен қатар таза су, кәріз жүйесі және қол жууға ар-



налған жағдайлар міндетті түрде қамтамасыз етілуі тиіс. Шаштараз, маникюр, педикюр және косметологиялық құралдар әр клиенттен кейін міндетті түрде тазартылып, дезинфекцияланып, қажет болған жағдайда зарарсыздандырылуы керек. Бір рет қолданылатын құралдар тек

бір адамға пайдаланылып, кейін арнайы тәртіппен жойылады. Бұл қан арқылы немесе тері зақымдануы арқылы жұғатын инфекциялардың таралу қаупін азайтады. Салон қызметкерлері жеке бас гигиенасын сақтап, таза арнайы киіммен жұмыс істеуі қажет. Қолды үнемі жуып, антисептикпен өңдеу,

қажет болған жағдайда қолғап пен бетперде пайдалану маңызды. Қызметкерлер медициналық тексеруден уақытылы өтіп, денсаулық жағдайын бақылап отыруы тиіс. Клиенттердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қолданылатын косметикалық құралдар мен химиялық заттардың сапасы тексеріліп, сақтау мерзімі мен қолдану нұсқаулығы сақталуы қажет. Жарамдылық мерзімі өткен өнімдерді пайдалануға жол берілмейді. Қорытындылай келе, сұлулық салондарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау – қауіпсіз қызмет көрсетудің, жұқпалы аурулардың алдын алудың және халық денсаулығын қорғаудың маңызды шарты. Бұл талаптарды орындау салонның беделін арттырып, клиенттердің сенімін нығайтады.

АУРУЫМЫЗ АСТАН БОЛМАСЫН

Тағам өнімдерінің қауіпсіздігі – халық денсаулығын қорғаудың маңызды бағыттарының бірі. Адам ағзасының қалыпты жұмыс істеуі үшін тағам тек құнарлы ғана емес, сонымен қатар қауіпсіз болуы қажет. Құрамында зиянды микроорганизмдер, улы заттар немесе қауіпті химиялық қалдықтар бар өнімдер адам денсаулығына елеулі зиян келтіруі мүмкін. Қазіргі кезде тағам өнімдері өндірістен тұтынушыға дейін бірнеше кезеңнен өтеді. Әр кезеңде санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуы өнім сапасының кепілі болып табылады. Өнімді өндіру, өңдеу, буып-түю, сақтау және тасымалдау кезінде белгіленген талаптар орындалмаған жағдайда тағамның сапасы төмендеп, тұтынуға жарамсыз болып қалуы мүмкін. Тағам қауіпсіздігін қамтамасыз етуде дұрыс тамақтану мәдениетінің де маңызы зор. Әр адам сатып алатын өнімнің құрамын,

өндірілген күнін, жарамдылық мерзімін және сақтау шарттарын мұқият тексеруі керек. Сонымен қатар жемістер мен көкөністерді жақсылап жуу, ет пен балықты толық пісіру, дайын тағамдарды ұзақ уақыт бөлме температурасында қалдырмау қажет. Мемлекет тағам өнімдерінің сапасын мен қауіпсіздігін арнайы заңдар мен техникалық регламенттер арқылы бақылайды. Зертханалық тексерулер жүргізіліп, талаптарға сәйкес келмейтін өнімдердің сатылымға шығуына жол берілмейді. Бұл шаралар халықтың денсаулығын қорғауға және азық-түлік сапасын арттыруға бағытталған. Қорытындылай келе, тағам өнімдерінің қауіпсіздігі – денсаулықтың, ұзақ өмір сүрудің және қоғамның әл-ауқатының негізі. Әрбір адам тағамды дұрыс таңдап, сақтау ережелерін сақтай отырып, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауы тиіс.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Ойыл

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1287 дана. Тапсырыс 1381
Көлемі 1 баспа табақ, индек 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.
Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

ҰЛТ ҰСТАЗЫ - АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

«БАЛАМ ДЕГЕН ЖҰРТ БОЛМАСА, ЖҰРТЫМ ДЕГЕН БАЛА ҚАЙДАН ШЫҚСЫН?» БҰЛ СӨЗДІҢ АСТАРЫНДА ТҮТАС БІР ҰЛТТЫҢ ТАҒДЫРЫ ЖАТЫР. ЕЛДІҢ ЕРТЕҢІН ОЙЛАҒАН, ХАЛҚЫНЫҢ КӨЗІН АШЫП, САНАСЫН ОЯТУДЫ МАҚСАТ ЕТКЕН ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ БІРІ – АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ. ОЛ – ҚАЗАҚ ҰШІН ЖАЙ ҒАНА ҒАЛЫМ НЕМЕСЕ АҚЫН ЕМЕС. ОЛ – ҰЛТТЫҢ РУХАНИ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ, ҚАЗАҚТЫҢ ҒЫЛЫМЫ МЕН БІЛІМІНІҢ ІРГЕСІН ҚАЛАҒАН ҰЛТ ҰСТАЗЫ.

Ахмет Байтұрсынұлы өмір сүрген кезең – қазақ даласы үшін аса күрделі уақыт еді. Елдің жері мен еркіндігіне қатысты мәселелер шиеленісіп, халықтың әлеуметтік жағдайы ауыр болды. Осындай алмағайып заманда Ахмет атамыздың алдында бір ғана үлкен мақсат тұрды: қазақты ояту, білімге бастау, елдік сананы қалыптастыру. Ол халықтың қараңғылықтан шығатын жолын білімнен көрді. Сондықтан ұстаздық жолды таңдап, қазақ баласына ана тілінде білім берудің маңызын көтерді. «Оқу құралы», «Әліппе», «Тіл-құрал» сияқты еңбектер жазып, қазақ тілін ғылыми тұрғыдан зерттеді. Бүгінде біз қарапайым қабылдайтын көптеген грамматикалық атаулардың негізін Ахмет Байтұрсынұлы қалыптастырғанын біреу білсе, біреу біле бермейді. Алайда Ахметтің ұлылығы тек оқулық жазумен шектелмейді. Ол ұлттың тілін сақтап қалу – ұлттың өзін сақтап қалу екенін ерте түсінді.

Тілдің тағдырына алаңдады. Қазақ баласының өз тілінде сауат ашып, өз мәдениетін танып, өз тарихын білуін қалады. Оның қаламынан туған «Маса» жинағы да бекер таңдалған атау емес. Ақын өзін халқына мазасыздана қызмет ететін, ұйқыдағы елді оятуға тырысатын «маса» бейнесінде көрсетті. Ол надандықты, жалқаулықты, енжарлықты сынады. Халықты білімге, еңбекке, бірлікке шақырды. Ахмет Байтұрсынұлының ұлт алдындағы еңбегін сөз еткенде «Қазақ» газетін айналып өте алмаймыз. 1913 жылы жарық көрген бұл басылым сол кезеңдегі қазақ қоғамының ең маңызды мәселелерін көтерді. Ахмет Байтұрсынұлы газет арқылы елдің жоғын жоқтап, мұңын мұңдады. Халыққа ақпарат беріп қана қоймай, жұртты ойландырды, пікір қалыптастырды. Газет – бүгін де қоғамның айнасы. Ал сол айнаға қазақтың мұңын, арманын, болашағын алғашқылардың бірі болып түсірген тұлға

– Ахмет Байтұрсынұлы. Оның журналистік мұрасы қазіргі баспасөз үшін де үлкен мектеп. Ахмет Байтұрсынұлының тағдыры – ұлтқа қызмет етудің қаншалықты ауыр жол екенін көрсетеді. Ол өз басының тыныштығын емес, елінің ертеңін таңдады. Қуғын-сүргін көрді, абақтыға қамалды, атылды. Бірақ оның идеяларын атып тастау мүмкін болмады. Уақыт бәрін өз орнына қойды. Бүгінде біз Ахмет Байтұрсынұлын құрметпен еске аламыз. Оның есімі мектептер мен көшелерге берілді, ғылыми еңбектері қайта жарық көрді. Бірақ ұлт ұстазын құрметтеу – оның атын атаумен ғана шектелмеуі керек. Ахметтің аманатына адалмыз ба? Бұл сұрақ әр қазақты ойландыруы тиіс. Егер Ахмет Байтұрсынұлы қазақтың сауатты болғанын қаласа, бүгінгі ұрпақ білімге ұмтылуы керек. Егер ол ана тілін ардақтаса, біз қазақ тілін күнделікті өмірімізде құрметтеп, қолдануымыз қажет. Егер ол елдің бірлігін ойла-

са, біз алауыздықтан емес, ортақ мүддеден күш іздеуіміз керек. Ұлт ұстазының арманы – білімді, мәдениетті, намысты ел еді. Сол арманның жалғасы бүгінгі ұрпақтың қолында. Ахмет Байтұрсынұлының өмірі бізге бір ақиқатты ұқтырады: ұлтқа қызмет ету үшін міндетті түрде биік лауазым қажет емес. Біліммен де, еңбегімен де, адал сөзімен де халыққа қызмет етуге болады. Ол өз дәуірінің үнін ғана емес, болашақтың үнін де жеткізді. Сондықтан Ахмет Байтұрсынұлының есімі уақыт өткен сайын алыстамайды, қайта биіктей береді. Ұлт ұстазының сөзі – ұрпаққа өсиет. Еңбегі – елге аманат. Мұрасы – мәңгілік қазына. Ахмет Байтұрсынұлы барда – қазақтың рухы бар. Қазақтың тілі барда – Ахметтің аманаты бар.

Ұ. ТӨЛЕУШЕВА,
Ойыл аудандық соты өкімшісінің бас маманы – сот отырысы хатшысы.

БАСПАНА КЕЗЕГІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР: НЕНІ БІЛУІМІЗ КЕРЕК?

БАСПАНА МӘСЕЛЕСІ КӨПШІЛІК ҮШІН ӨЛІ ДЕ ӨЗЕКТІ. БҰҒАН ДЕЙІН ТҰРҒЫН ҮЙ КЕЗЕГІН ЖЕРГІЛІКТІ ӨКІМДІКТЕР ЖҮРГІЗІП КЕЛСЕ, ӨТКЕН ЖЫЛДЫҢ МАМЫРЫНАН БАСТАП БҰЛ ОТБАСЫ БАНККЕ БЕРІЛДІ. ЕНДІ БАСПАНА КЕЗЕГІН ЖҮРГІЗУ, АЗАМАТТАРДЫ КЕЗЕККЕ ҚОЮ ЖӘНЕ КЕЗЕГІ КЕЛГЕНДЕРГЕ ПӨТЕР БЕРУ МӘСЕЛЕСІН ОТБАСЫ БАНК ШЕШЕДІ. ОСЫҒАН БАЙЛАНЫСТЫ БҰРЫН КЕЗЕКТЕ ТҰРҒАН АЗАМАТТАРДЫҢ ДЕРЕКТЕРІ ДЕ ЖАҢАРТЫЛЫП, ТҮГЕНДЕУДЕН ӨТІП ЖАТЫР. КЕЗЕК ҚАЛАЙ ЖҮРГІЗІЛЕДІ, КІМГЕ БАСЫМДЫҚ БЕРІЛЕДІ, БИЫЛ БАСПАНА АЛУДЫҢ ҚАНДАЙ МҮМКІНДІГІ БАР? ОСЫ СҰРАҚТАР БОЙЫНША ЖАУАПТЫ МАМАНДАРМЕН ТІЛДЕСКЕН ЕДІК.



Кезек бір жүйеге көшті

Ақтөбе қаласында тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтардың саны 43 801-ге жеткен. Ал облыс бойынша кезекте 58 007 адам тұр. Яғни кезекте тұрғандардың басым бөлігі облыс орталығында. Бұған дейін тұрғын үй кезегін жергілікті әкімдіктер жүргізіп келді. Енді тәртіп басқаша. —Тұрғын үй кезегінің бір орталыққа біріктірілуі барлық мәліметті бір жүйеге жинауға мүмкіндік берді. Бұған дейін әр өңірде бөлек жүргізілген кезек қазір ортақ базаға көшірілді. Әкімдіктерден банкке еліміз бойынша 642 мыңнан астам адамның дерегі берілді. Қазір осы мәліметтер нақтыланып жатыр. Себебі қағаз құжаттарды электронды жүйеге енгізу кезінде бірқатар қателік кеткен. Оның үстіне жылда өте адамның мекенжайы, отбасы құрамы, мүлктік жағдайы өзгеріп жатады. Сондықтан кезекте тұрған әр азаматтың дерегі оның қазіргі жағдайына сай болуы керек. Осы тұста, тұрғындардың назарына,өз мәліметтеріңізді уақтылы тексеріп отырыңыздар,— дейді Отбасы банк акционерлік қоғамы облыстық филиалының директоры Ертай Жидебаев.

Биыл 1100 азамат пөтер алды Кезектің өзі бір мәселе болса, азаматтарды баспанамен қамту — екінші мәселе. Отбасы банктің облыстық филиалы ұсынған мәліметке сүйенсек, жыл басынан бері облыста мемлекеттік бағдарламамен 1100 азамат пөтерлі болған. Оның 898-і — жалдамалы пөтерболса, 202 пөтер «2-10-20» және «5-10-20» бағдарламаларымен алынған. Қазір тағы 155 жалдамалы пөтер бөлініп жатыр. Ал «2-10-20» және «5-10-20» бағдарламалары бойынша 23 пөтер рәсімделу үстінде. Жалпы, биыл тұрғын үй бағдарламасы бойынша нарықтық бағытта 2610 пөтер, «2-10-20» бағдарламасы арқылы 163 пөтер, «5-10-20» бағдарламасы бойынша 39 пөтер берілген.

— Биылдан бастап мемлекеттік қолдау шаралары облыстық филиал арқылы жүзеге асырылып келеді. Оның ішінде «2-10-20», «5-10-20» бағдарламалары, жалдамалы тұрғын үй және жалдау ақысын субсидиялау бағыттары бар. Азаматтар жағдайына қарай өзіне сәйкес келетін бағдарламаны таңдай алады. Жалдамалы тұрғын үй бойынша да биыл нақты жұмыс атқарылып жатыр. Жергілікті атқарушы органдар облыс бойынша 1053 пөтерді азаматтарға беру үшін банкке ұсынған. Оның 898-і тұрғындарға рәсімделді. Ал қалған пөтерлер бойынша жұмыс жалғасуда. Отбасы банк үй салмайды. Қазір Ақтөбе қаласында әкімдік тапсырысымен салынып жатқан тұрғын үйлер бар. Құрылыс аяқталуға жақын. Бұл үйлер дайын болғаннан кейін қанша пөтер берілетіні және олардың кімдерге ұсынылатыны белгілі болады, — дейді Ертай Жидебаев.

Кезекке тұру үшін банкке барудың қажеті жоқ

Кезекте тұрған азамат үшін «Кезегім қашан келеді?» деген сұрақтың маңызды екені түсінікті. Жалдамалы тұрғын үй берілген кезде азаматтардың кезекке тұрған уақыты ескеріледі. — Жалдамалы тұрғын үйдің 50 пайызы Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, «Алтын алқа», «Күміс алқа» иегерлеріне, «Батыр ана» және «Ана даңқы» иегерлеріне марапатталған көпбалалы аналар мен отбасыларға, ерекше күтім қажет ететін баласы бар отбасыларға, I және II топтағы мүгедектігі бар адамдарға, сондай-ақ жесір әйелдер менәйелі қайтқан ерлерге беріледі, — дейді Е.Жидебаев. Тағы 20 пайызы жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға қарастырылған. Қалған 30 пайызы басқа санаттағы азаматтарға тиесілі. Бірақ кезек келгенімен, пөтер бірден беріле салмайды. Себебі әр бағдарламаның өз талабы бар.

Қатысушы санаты, отбасы мүшелерінің саны, табысы және қатысатын тұрғын үй бағдарламасы ескеріледі. — Қазір тұрғын үй кезегіне тұру үшін банкке барудың қажеті жоқ. Азаматтар orken.otbasybank.kz платформасы арқылы өз бетінше өтініш бере алады. Ол үшін электрондық цифрлық қолтаңба қажет. Негізгі талаптың бірі — азаматтың және оның отбасы мүшелерінің соңғы бес жыл ішінде өз атына рәсімделген тұрғын үйінің болмауы. Егер өтініш беру кезінде қиындық туындаса, Отбасы банктің кеңес беру орталықтарына жүгінуге болады,— деді филиал директоры. Тұрғын үй кезегінде тұрған жетім балаларға қатысты да бірқатар мәселе нақтыланған. Яғни Ақтөбеде кезекке тұрған жетім бала кейін басқа қалаға оқуға кетсе немесе көшсе де кезегі сақталады. Тұрғын үй мәселесі қаралған кезде оның Ақтөбеде тұрған кезегі ескеріледі.

Қыркүйекте өзгеріс жарияланады

Тұрғын үй кезегіне қатысты жұмыс мұнымен тоқтап тұрған жоқ. Қазір азаматтардың ұсыныстары да ескеріле бастады. Банк өкілдерінің айтуынша, тұрғын үй кезегіне қатысты өзгеріс айда жарияланады. Ал әзірге кезекте тұрған азаматтарға өзі туралы мәліметтерді тексеріп, қандай мемлекеттік қолдау шарасына қатыса алатынын алдын ала анықтап алған жөн. Кезекте тұрған азаматтың баспана алу мүмкіндігі тек жалдамалы пөтермен шектелмейді. Қазір тұрғын үйге қатысты бірнеше мемлекеттік бағдарлама бар. Соның бірі — жалдау ақысын субсидиялау. Бұл жағдайда жалдау ақысының 50 пайызы субсидияланады. Бағдарламаға I және II топтағы мүгедектігі бар адамдар,

мүгедек бала тәрбиелеп отырған немесе олардың күтімін жасап отырған отбасылар, ата-анасынан кәмелетке толғанға дейін айырылған 29 жасқа толмаған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ «Алтын алқа», «Күміс алқа» иегерлері мен көпбалалы аналар және отбасылар қатыса алады. Бұл бағытта отбасының әр мүшесіне шаққандағы табыс ең төменгі күн көріс деңгейінен, яғни 50 851 теңгеден аспауға тиіс. Ал жергілікті атқарушы органдар ұсынатын жалдамалы тұрғын үйге мемлекеттік қызметшілер мен «Санаты жоқ» азаматтардан басқа барлық санаттағы кезекте тұрғандар қатыса алады. Мұнда да отбасы мүшелерінің санына қарай табыс шегі белгіленген. Үш және одан көп адамнан тұратын отбасында әр адамға шаққандағы орташа табыс 101 702 теңгеден, екі адамнан тұратын отбасында 177 979 теңгеден, ал бір адам үшін 279 681 теңгеден аспауы керек.

«2-10-20» мен «5-10-20»: айырмашылығы неде?

Кезекте тұрған азаматтар үшін ипотекалық бағдарламалардың шарттарын да біле жүрген жөн. «2-10-20» бағдарламасы әлеуметтік санаттарға арналған. Мұнда жылдық сыйақы мөлшерлемесі — 2 пайыз, бастапқы жарна — 10 пайыз, несие мерзімі — 20 жылға дейін. Ал «5-10-20» бағдарламасына барлық санаттағы азаматтар қатыса алады. Мұнда да бастапқы жарна 10 пайыз, несие мерзімі 20 жылға дейін. Сыйақы мөлшерлемесі — 5 пайыз. Яғни азаматтың баспана алу жолы оның санатына, табысына және отбасы жағдайына байланысты таңдалады.

Айдына АЛТЫБАЕВА.



Құттықтау

ЖИТЕЛЬНИЦУ СЕЛА ОЙЫЛ
ЕРШОВУ АНТАНИНУ ДМИТРЕВНУ
ПОЗДРАВЛЯЕМ С 95-ЛЕТНИМ ЮБИЛЕЕМ!



С Юбилеем!
С Юбилеем Дорогая!
Поздравление принимай,
Всего лучшего желаю,
Верь, надейся и мечтай!
Пусть здоровье не подводит:
и удача и успех...
Пусть же жизнь лишь препод-
носит...
Все, что нужно для потех.

Не грусти, почаще улыбайся,
-Ты прекрасна! Без сомнения скажу,
И на возраст свой не обижайся:
-эта дата лишь контрольный
старт, к выгодному рубежу.
Я тебе всех благ желаю!
Никогда не унывай,
С Днем Рождения!
Поздравляю,
Все плохое напрочь- забывай!

С поздравлением: дочь Ольга, зять
Павел, внук Евгений, внучка Оксана.

ӨРТТІҢ ҚАУІПТІ МАУСЫМЫНДА ТАБИҒАТТЫ БІРГЕ ҚОРҒАЙЫҚ!



Күз мезгілі келіп, табиғат қысқы тыныштыққа дайындала бастайды. Осы кезеңде шөптер құрап, өсімдік қалдықтары көбейіп, табиғат алаңында өрттің таралу қаупі артады. Сондықтан өрт қауіпті маусымында орман және дала алқаптарында өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау – аса маңызды міндет. Күзгі кезеңде тұрғындар табиғат аясына демалуға, серуендеуге және аңшылыққа шығумен қатар, ауыл шаруашылығы жұмыстарын, оның ішінде мал азығын дайындау жұмыстарын жүргізеді. Осыған байланысты өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау барша азаматтың басты назарында болуы тиіс. Мал азығын дайындау кезінде пайдаланылатын ауыл шаруашылығы техникаларының өртке қарсы жабдықталуын және техникалық жай-күйін бірінші кезекте тексеріп, олардың жұмысқа толық дайын болуын қамтамасыз ету қажет. Техникалардың жанар-жағармай жүйесі, электр жабдықтары және өрт сөндіру құралдары жарамды болуы тиіс. Ақауы бар немесе өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келмейтін техникаларды жұмысқа пайдалануға жол берілмеуі керек. Өсіресе шөп шабу, жинау және тасымалдау кезінде техникалардың қызып кетуі немесе техникалық ақаулар салдарынан өрт шығу қаупі жоғары. Сондықтан жұмыс барысында техникалардың жағдайын тұрақты бақылап, оларды құрғақ шөп алқаптарында қараусыз қалдырмау қажет. Сонымен қатар аңшылық кезінде де отқа ерекше сақтықпен қараған жөн. Мүмкіндігінше табиғат аясында от жақпауға, ал от жағылған жағдайда оны қараусыз қалдырмай, демалыс аяқталған соң толық сөндіруге шақырамыз. Темекі тұқылын, сіріңкені және басқа да жанғыш заттарды құрғақ шөпке тастауға болмайды. Бір сәттік абайсыздықтың өзі үлкен өртке себеп болуы мүмкін. Табиғаттағы өрт орман қорына ғана емес, жануарлар дүниесіне, ауыл шаруашылығы алқаптарына және қоршаған ортаға үлкен зиян келтіреді. Сондықтан өрт қауіпті маусымында әр азамат өзіне жүктелген жауапкершілікті сезініп, өрттің алдын алуға атсалысуы қажет. Өрттің алдын алу – баршамызға ортақ міндет! Табиғатты қорғау – әр азаматтың жауапкершілігі!

Темірбек СЕНҒАЛИЕВ,
«Ойыл орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесі» директорының орынбасары.

Ойыл аудандық аурухана ұжымы және кәсіподақ ұйымы Ойыл аудандық ауруханасы өріптесіміз, Қараой дәрігерлік амбулаториясының мейірбикесі Азиза Дүйсенғалиеваға аяулы анасы
Дариганың
дүниеден өтуіне байланысты отбасына, ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Ойыл аудандық аурухана ұжымы және кәсіподақ ұйымы Ойыл аудандық ауруханасы өріптесіміз, Қараой дәрігерлік амбулаториясының мейірбикесі Айгүл Дәулетоваға аяулы анасы
Сыраштың
дүниеден өтуіне байланысты отбасына, ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.